



БҮЙРЫҚ

2017 жылдың № 463
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

город Павлодар

«Менің отбасым – менің елім» балалар шығармашылығының облыстық жобасын өткізу туралы

Облыс қосымша білім беру үйімдары және мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігі мен қызығушылығын дамыту, кәсіби дайындық сапасын арттыру мақсатында, сонымен қатар 2017-2018 оқу жылына арналған Оқушылар сарайының облыстық іс-шараларын өткізудің жүйелі кестесін орындау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. 2017 жылғы 15 қарашадан 2018 жылғы 17 қаңтарға дейін балалар шығармашылығының облыстық «Менің отбасым – менің елім» конкурсы өткізілсін.
2. Балалар шығармашылығының облыстық жобасы «Менің отбасым – менің елім» өткізу Ережесі, шығын сметасы, үйімдастыру комитеті және қазылар алқасының кұрамы бекітілсін (1, 2, 3 қосымшалар).
3. Сайысты үйімдастыру және өткізу үшін жауапкершілік «М. М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы» КМҚҚ басшысы А.Ж. Ерубаеваға жүктелсін.
4. Облыстық конкурсты қаржыландыру үшін жауапкершілік білім беру басқармасының экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы Г. Т. Кәлімжановаға жүктелсін.
5. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) білім беру мекемелерінің балалар шығармашылығының облыстық «Менің отбасым – менің елім» жобасына қатысуын қамтамасыз етсін.
6. Бұл бүйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқарма басшысының орынбасары Р. Қ. Ақановаға жүктелсін.



Таныстырылды: Ақанова Роза Қабидулловна
(колы, күні)

Ж. Қарамбаев

005229

Білім беру басқармасының
2017 жылғы «31» 20
№ 463 бүйрігінен
1-косымша

**«Менің отбасым – менің елім»
балалар шығармашылығының облыстық жобасының
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында балалар шығармашылығының облыстық «Менің отбасым – менің елім» жобасы М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайымен бірлесіп Павлодар облысының Білім беру басқармасы өткізеді.

Жобаның ұйымдастырылуы және өткізуі жалпыға қол жетімді қағидасы негізінде құрылды.

1.2 Жобаның мақсаттары:

- шығармашыл балалар мен жастарды анықтау және қолдау;
- жас ұрпақтың бойында ұлттық өзін-өзі анықтау және рухани жетілуін дамыту.

1.3 Жобаның міндеттері:

- өзінің отбасы, кіші Отанының тарихын зерделеу арқылы өскелен ұрпаққа азаматтық тәрбие беру;
- туған өлкенің табиғатына қамқорлық қөзқарас, еліміздің мәдени – тарихи мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру;
- отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді тарату.

1.4 Жобаның ұйымдастырушылары:

- Павлодар облысының Білім беру басқармасы
- М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы.

1.5 Жобаның қатысуышылары

Жобаға жалпы орта білім беру мектептері, қосымша білім беру мекемелерінің балалар шығармашылық бірлестіктері саны 5 адамнан құралған әр жастағы балалар мен жасоспірімдер командалары қатыса алады. Қатысуышылардың жасы 11-ден 16 жасқа дейін.

1.6 Жобаның қазылар алқасы

Жобаның қазылар алқасының құрамына кіретіндер: Павлодар облысы білім беру басқармасының маманы, ПМПИ-ның оқытушысы, Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайының маманы, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының бейімдеп оқыту ісі жөніндегі басшы орынбасары.

2. Балалар шығармашылығының облыстық «Менің отбасым – менің елім» жобасын өткізу тәртібі.

2.1 Жоба екі конкурстан тұрады: қашықтық және құндізгі.

2.2 Қашықтық конкурстық жұмыстар ұжыммен орындалады.

Бейнероликтер мен тұсаукесерлердің қашықтық конкурсы **2017 жылғы 15 қарашадан 15 желтоқсанға дейн өткізіледі**. Конкурс жеңімпаздары конкурс-фестивальге қатыса алады.

Конкурс-фестиваль М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында **2018 жылғы 17 қаңтарында өткізіледі**.

2.3 «Менің отбасым – менің елім» қашықтық конкурсы

Өткізу түрі: берілген тақырыптардың біріне слайдтық тұсаукесер немесе бейнеролик дайындау:

- «Менің отбасым – менің мақтанышым»;
- «Ел дәстүрі отбасынан басталады»;
- «Павлодарлық Ертіс өндірінің әдеби өмірі».

Павлодар облысында тұған таңымал ақындар мен жазушылардың әдеби шығармаларының шығу тарихы конкурстық жұмыстың мазмұнына кіреді.

- «Фасырлар даналығы».

Кіші Отанымыздың көрікті жерлері туралы ақпарат конкурстық жұмыстың мазмұнына кіреді.

- «Біздің өлкеміздің атақты адамдары»

Атақты адамның балалық шағы және оның отбасы туралы немесе Сіздің отбасыңыз туралы ақпарат конкурстық жұмыстың мазмұнына кіреді.

- «Ерлік оты сөнбейді»

Павлодар облысының тумалары, Ұлы Отан және Афган соғысының жауынгерлері туралы ақпарат немесе Сіздің отбасыңыздағы батырдың тарихы конкурстық жұмыстың мазмұнына кіреді.

2.4 «Мен, сен, ол – барлығымыз тату отбасымыз» конкурс – фестивалі.

Конкурс -фестивальге әр жастағы команда қатысады.

Конкурс-фестивальдің бағдарламасы:

- «Біз өзімізді танытамыз» конкурсына команданың өзін-өзі таныстыруы енгізілген. Оның бағыттары: сынып, баспасөз орталығы, театр студиясы, экология, еріктілер, іздеу жасақтары және тағы басқа.

- Интеллектуалды конкурстар:

- «Білігрлер бәйгесі» кіші Отанымыздың тарихы, оның атақты адамдары, атаулы құндерді білуғе арналған сайыс;

- «Мәдениет пен тілдердің үйлесімдігі» Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерін білуғе арналған сайыс.

- Қайырымдылық акциясының жобасын әзірлеуге арналған «Үміт сәулесі» атты ой шабуылы.

3. Конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар

3.1 Конкурстық жұмыс қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады.

3.2 Электрондық тұсаукесер Microsoft Office Power Point форматында жасалуы керек, 25-тен аспайтын кадрлар арасында тиімді ауысып отыратын фотосурет, ақпараттан қалыптасқан слайдтардан құрылуды тиіс. Тұсаукесерде берілген ақпарат шындыққа сай келуі тиіс.

3.3 «Бейнеролик» «Windows Media» Guick Time бағдарламасында орындалуы тиіс. Бейне сюжеттің ұзактығы 3 минуттан артық болмауы керек. Бейнеролик дикторлық мәтін немесе музыкамен сүйемелденеді.

3.4 Қашықтық конкурстық жұмыс бұрын-сонды осындай конкурсқа қатыспауды және жарияланбауды шарт.

3.5 Конкурсқа ұлттық, әлеуметтік, діни айырмашылықты насихаттайтын, сонымен бірге әдеп, мораль және құқық нормаларын бұзатын жұмыстар қабылданбайды.

3.6 Конкурстық жұмыста ғаламтор жүйесінен алынған тұсаукесерлер мен бейнероликтерді пайдалануға тыйым салынады.

3.7 Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Осы шарттарды бұзған жағдайда, конкурс ұйымдастырушылары жұмыстық қарап, бағаламауға құқылы.

3.8 Талапқа сай келмейтін және 2017 жылдың 15 желтоқсанынан кейін түскен конкурстық жұмыстар қабылданбайды.

4. Конкурстарды бағалау өлшемдері.

4.1 Қашықтық конкурстық жұмыстарды бағалау өлшемдері:

- жұмыстың конкурс тақырыбына сәйкестігі
- тақырыптың толық ашылуы
- композициялық және түстік шешімдердің қолжетімділігі және сенімділігі
- ұсынылған ақпараттың шынайылығы
- пайдаланған сюжеттің ерекшелігі, жаңашылдығы
- жұмыстың жоба ережелерінің талаптарына бағдарламалық қамтамасыздандырылуына сәйкестігі.

4.2 Командаларды бағалау өлшемдері:

- киім бейнесінің конкурс тақырыбына сәйкестігі
- сахнада сүйемелдеудің болуы (мысалы: музыкалық, бейнеролик, тұсаукесер, перформанс және т.б.)
- әртістік қабілеті
- жауаптарының мазмұндылығы мен толықтығы
- идеялардың озгешелігі
- команданың ұйымшылдығы
- уақыт регламентінің сақталуы.

5. Жоба қатысушыларын марапаттау тәртібі

5.1 Жоба қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

5.2 1, 2, 3 орынға ие болған Жоба қатысушылары диплом және сыйлықпен марапатталады.

5.3 Жеңімпаздардың аты Павлодар облысының Білім беру басқармасы және М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайттарында жарияланады.

5.4 Марапаттау Оқушылар сарайында қантар айында өткізіледі, нақты күні жеңімпаздарға қосымша хабарланады.

6. Қатысу тәртібі

6.1 Ұсынылған үлгі бойынша өтінімдер 2017 жылғы қарашаның 6-нан 15-не дейін мына электронды мекенжай бойынша metodotdeldSH@mail.ru. қабылданады.

6.2 Қашықтық конкурсқа жұмыстар 2017 жылғы 15 қарашадан 15 желтоқсанға дейін мына электронды мекенжай бойынша metodotdeldSH@mail.ru. қабылданады.

6.3 Қашықтық конкурстың жеңімпаздары конкурс-фестивальге қатысады.

6.4 Бұл Ереже, қазылар алқасының құрамы және «Менің отбасым – менің елім» жоба конкурстарының қорытындысы мына сайтта жарияланады: <http://dshk.kz/index>.

7. Жобаны іске асыруға жауаптылар: М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскерлері Ашенова Бағлан Ердымбайқызы, Оспанкулова Әсима Советқызы.

Байланыс телефондары: 32-85-12, 32-85-17 сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін.

«Менің отбасым – менің елім» облыстық жобасына қатысушының өтінімі

Қала /аудан	
Ұйым	
Конкурстық жұмыстың тақырыбы	
Команданың атауы	
Катысушылар құрамы: Т.А.Ж., жасы	
Жетекшінің тегі, аты-жөні	
Жетекшінің қызметі және жұмыс орны	
Жетекшінің байланыс телефондары: (жұмыс, үялы, E-mail)	
Конкурстық жұмыстың орындалған уақыты	

Білім беру басқармасының
2017 жылғы «31» 10.
№ 463 бүйріғына
3-қосымша

**«Менің отбасым – менің елім» балалар
шығармашылығының облыстық жобасын өткізу бойынша
ұйымдастыру комитетінің
құрамы**

1. Ақанова Роза Қабиболлақызы – Павлодар облысының білім беру басқармасы басшысының орынбасары, ұйымдастыру комитетінің төраймы.
2. Ерубаева Алма Жумабайқызы – «М. М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы»КМҚҚ басшысы.
3. Торошина Лилия Леонидовна – «М. М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы» КМҚҚ әдістемелік бөлімінің менгерушісі.
4. Оспанкулова Асима Советқызы – «М. М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының» әдіскері.
- 5.Ашенова Бағлан Ердымбайқызы – «М. М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының» әдіскері.

Қазылар алқасының құрамы

Қазылар алқасының төрағасы: Қыдralин Куаныш Төлегенұлы -
Павлодар облысының білім беру басқармасының тәрбие бөлімінің маманы.

Қазылар алқасының мүшелері:

1. Сыздыкова Аймекен Мерекеқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, ПМПИ-ның Қазақстан және шет елдер тарихы кафедрасының доценті.
- 2.Найманова Эсемгүл Бейсенқызы – Павлодар облысы білім беру және тәрбиені дамытудың инновациялық орталығының әдіскері.
3. Жанқазы Гүлнар Садыққызы – «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы»КМҚҚ бейімдеп оқыту ісі жөніндегі басшы орынбасары
4. Мусина Тұрсын Мұсақызы – Б.Жырау атындағы әдебиет және өнер облыстық мұражайының өнер бөлімінің менгерушісі.